



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 17-59/1635 от: 30.06.2017

Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттарына

*Сіздердің 2017 жылғы 2 маусымдағы
№ ДЗ-158 сауалдарыңызға*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2050 жылға дейінгі тұжырымдамасын (бұдан әрі – Тұжырымдама) әзірлеуге қатысты ұсыныстарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Бүгінде елімізде 3 млн астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған 1,2 млн астам шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОБ) субъектілері жұмыс істейді. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ-тың ел экономикасындағы үлесі 24,9%-ды құрады. Мемлекет басшысы аталған көрсеткішті 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізу міндетін жүктеді.

Осы мақсатта Үкімет экономиканы қайта реттеу бойынша ауқымды шаралар қабылдауда. Бұл бағытта мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларының ревизиясы жүргізілді. Қолданыстағы ішінара тексерулер жүргізу тәртібінен және ерекше тәртіп бойынша тексерулердің бір бөлігінен бас тартып, олардың орнына профилактикалық бақылау институтын енгізу мәселесі пысықталып жатыр.

Сонымен бірге, табиғи монополиялар субъектілері беретін рұқсаттарды алумен және мемлекеттік органдарға әртүрлі есептіліктерді ұсынумен байланысты бизнестің шығасыларын анықтау тұрғысынан заңнамаға ревизия жүргізу басталды. Осы жұмыстың қорытындылары бойынша қажет емес рұқсаттарды алуға және артық есептілікті беруге байланысты бизнестің шығасылары алып тасталатын болады.

Тұтастай алғанда бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту бойынша Үкіметтің жүйелі жұмысын халықаралық рейтингтік агенттіктер оң бағалағанын атап өту қажет. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингі бойынша есебінде Қазақстан өткен жылдың рейтингісімен салыстырғанда, өз рейтингін 16-тармаққа көтере отырып, осы жылы **35-орын алды**.

Бұдан басқа, әлемнің 2017 жылғы ең бәсекеге қабілетті экономикаларының таяу арада жарияланған рейтингінде швейцариялық Менеджментті дамыту

институтының (*Institute of Management Development, IMD*) нұсқасы бойынша өткен жылғы рейтингпен салыстырғанда, Қазақстан **47-орыннан 32-орынға** көтерілді.

Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың жұмысы көбіне ведомстволық бір салалы проблемаларды шешумен ғана шектелетін бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту бойынша дәстүрлі тәсілдің қалаған нәтижеге қол жеткізуде жеткілікті түрде тиімді емес екендігін атап өткен жөн.

Мемлекеттік органдардың арасындағы құрылымдық проблемаларды шешу үшін Үкімет қойылған міндеттерге қол жеткізетін «жобалық тәсілді» қолдануға бастамашылық жасады. Дәстүрлі тәсілге қарағанда, жобалық басқару шеңберінде мемлекеттік органдардың бірыңғай мақсатқа қол жеткізу қызметін үйлестіру көзделуде. Мұндай жұмысты тиімді үйлестіру мемлекеттік органдар реттейтін салаларда нақты көрсеткіштерді айқындау мен олардың орындалу мониторингінің есебінен қол жеткізіледі.

Бұл жұмыс шеңберінде Үкімет 2022 жылға дейін **ЖІӨ-нің 4,4%-ға, инвестициялардың 6,4%-ға, еңбек өнімділігінің 4,3%-ға** өсуін қамтамасыз ету көзделуде, ал 2022 жылдан бастап **ЖІӨ-нің 5,8%-ға, инвестициялардың 8,6%-ға, еңбек өнімділігінің 5,4%-ға** жыл сайынғы өсуін қамтамасыз етуді көздейтін нысаналы индикаторларды айқындады.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу жаппай кәсіпкерлікті дамыту, денсаулық сақтау, білім, отын-энергетикалық кешен, агроөнеркәсіп кешені, сауда, туризм, көлік пен логистика, инфокоммуникациялық технологиялар, базалық индустрияландыру салаларындағы нақты іс-шаралармен бекітілген.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағыты бойынша 2025 жылға қарай ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесін **30%-ға** ұлғайтуға қол жеткізу бойынша жылына айналымы 2 млн. теңгеден астам **кемінде 500 мың кәсіпкерлікті** құру индикаторлары көзделді, олардың ішінде **субъектілердің кемінде 221 мыңы** жаңа орнықты бизнес ретінде құрылуға тиіс.

Қойылған индикаторларды орындау үшін әкімшілік қысымның бизнеске шамадан тыс жоғары деңгейін төмендетуге, нарыққа кіруге кедергілерді болдырмауға, қаржыландыруға және инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамалар әзірленді. Атап айтқанда, мемлекеттік бақылауды қоғамдық сананы жаңғыртуға бағдарлау, ақпараттық құжаттарды оңтайландыру және қысқарту, бәсекелестіктің дамуына кедергі келтіретін нормаларды жою, табиғи монополиялар субъектілерінің рұқсат беру рәсімдерін регламенттеу және оңтайландыру, бизнестің жаппай шығасыларын азайту, кредиттік шарттарды қалыпқа келтіру, білім беру жүйесінде кәсіпкерлік ойлау негіздерін қалыптастыру, кейіннен жетілдіре отырып, бизнес инкубациялауды дамыту және басқалары көзделеді.

Бұл кезеңде Үкімет аяқталуы **500 күндік мерзімге** жоспарланып отырған, әзірленген бастамаларды іске асыруға кірісті. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бастамалардың нақты жоспары қалың жұртшылық үшін кәсіпкерлік бойынша уәкілетті мемлекеттік органның интернет-ресурсында қол жетімді.

Іс жүзінде жаппай кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бастамалар Үкіметтің ШОБ-тың экономикадағы үлесін ұлғайтуды қамтамасыз ету бойынша **нақты**

жоспарын білдіреді және ұсынылып отырған іс-шараларды сапалы іске асыруға Үкімет бар күш-жігерін жұмсайтын болады.

Жазылғандарды ескере отырып, ұсынылып отырған тұжырымдаманы әзірлеу мәселесін қарауға Үкімет бастаған бастамаларды іске асырғаннан кейін оралуға мүмкіндік бар деп пайымдаймыз.

Б. Сағынтаев



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 17-59/1635 от: 30.06.2017

Депутатам
Мажиліса Парламентa
Республики Казахстан

На Ваш запрос
от 2 июня 2017 года № ДЗ-158

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваши предложения касательно разработки Концепции развития малого и среднего предпринимательства до 2050 года (далее – Концепция), сообщаем следующее.

Сегодня в республике работают свыше 1,2 млн. субъектов малого и среднего предпринимательства (далее – МСБ), которые обеспечивают занятостью более 3 млн. человек. В экономике страны по итогам 2015 года доля МСБ составила 24,9%. Главой государства поставлена задача по доведению данного показателя к 2050 году до 50%.

В этих целях Правительством принимаются масштабные меры по дерегулированию экономики. Проведена ревизия государственных контрольных и надзорных функций. Прорабатывается вопрос по отказу от существующего порядка проведения выборочных проверок и большей части проверок по особому порядку – вместо них ввести **институт профилактического контроля**.

Наряду с этим, начата ревизия законодательства на предмет выявления издержек бизнеса, связанных с получением разрешений, выдаваемых субъектами естественных монополий, и предоставлением государственным органам различного рода отчетностей. По итогам этой работы будут сняты издержки бизнеса, связанные с получением ненужных разрешений и предоставлением излишней отчетности.

В целом, необходимо отметить, что проводимая Правительством системная работа по улучшению условий ведения бизнеса положительно оценена международными рейтинговыми агентствами. Так, в отчете Всемирного Банка по рейтингу «Doing Business» Казахстан в этом году **занял 35-место**, повысив свой рейтинг на 16 пунктов по сравнению с рейтингом прошлого года.

Кроме этого, в опубликованном недавно рейтинге самых конкурентоспособных экономик мира за 2017 год по версии швейцарского

Института развития менеджмента (*Institute of Management Development, IMD*) Казахстан по сравнению с прошлогодним рейтингом поднялся с **47** на **32-место**.

Вместе с тем, следует отметить, что традиционный подход по улучшению условий ведения бизнеса, когда работа государственных органов зачастую сужается на решение узковедомственных проблем, не достаточно эффективен в достижении желаемого результата.

Для разрешения структурных проблем между государственными органами, Правительством инициировано применение «проектного подхода» по достижению поставленных задач. В отличие от традиционного подхода в рамках проектного управления предусматривается координация деятельности государственных органов по достижению единой цели. Эффективная координация такой работы достигается за счет определения конкретных показателей в регулируемых государственными органами сферах и мониторинга их выполнения.

В рамках этой работы Правительством определены целевые индикаторы, которые до 2022 года предусматривается обеспечение роста ВВП на 4,4%, инвестиций на 6,4%, производительности труда на 4,3%, а с 2022 года – с ежегодным ростом **ВВП на 5,8%, инвестиций на 8,6% производительности труда на 5,4%**.

Достижение поставленных задач закреплено конкретными мероприятиями в сферах развития массового предпринимательства, здравоохранения, образования, топливно-энергетического комплекса, агропромышленного комплекса, торговли, туризма, транспорта и логистики, инфокоммуникационных технологий, базовой индустриализации.

По направлению развития массового предпринимательства предусмотрены индикаторы по достижению к 2025 году увеличения доли МСБ в ВВП до **30%**, создания **не менее 500 тыс. предпринимателей** с оборотом свыше **2 млн. тенге** в год, из которых **не менее 221 тыс. субъектов** должны быть созданы как новый устойчивый бизнес.

Для выполнения поставленных индикаторов выработаны инициативы, направленные на снижение неоправданно высокого уровня административного давления на бизнес, исключение барьеров входа на рынок, обеспечение доступности к финансированию и инфраструктуре. В частности, предусматривается ориентация государственного контроля на модернизацию общественного сознания, оптимизация и сокращение информационных документов, устранение норм, препятствующих развитию конкуренции, регламентация и оптимизация разрешительных процедур субъектов естественных монополий, снижение фронтальных издержек бизнеса, нормализация кредитных условий, создание основ предпринимательского мышления в системе образования, развитие инкубирования бизнеса с последующей акселерацией и т.п.

На данном этапе, Правительство приступило к реализации выработанных инициатив, завершение которых планируется осуществить за **500 дней**, то есть до конца 2018 года. Детальный план инициатив по развитию массового предпринимательства доступен для широкой общественности на интернет-ресурсе уполномоченного государственного органа по предпринимательству.

Фактически, инициативы по развитию массового предпринимательства представляют собой **конкретный план Правительства** по обеспечению увеличения доли МСБ в экономике, и на качественную реализацию предлагаемых мероприятий Правительство приложит все усилия.

Учитывая изложенное, полагаем возможным вернуться к рассмотрению вопроса разработки предлагаемой Концепции после реализации начатых государством инициатив.

Б. Сагинтаев